




**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

Бақыт Басызғараев – шебер күйші

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2026



Бақыт Басығараев (1926–2001)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

Бақыт Басығараев – шебер күйші

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2026

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
Б 27

**Б.Басығараевтың 100 жыл толуына орай
биобиблиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты
Жумабаев Қ.С., құраст.: Шадманова Г.Қ. – Қ.Жұбанов
атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми
кітапханасы. 2026. – 176бет.**

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған биобиблиографиялық көрсеткіш Ақтөбедегі ел ішінен шыққан тума таланттарының көрнектісі, Қазанғап мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізушілердің бірі, шебер күйші Бақыт Басығараевтың туғанына 100 толуына арналып шығарылған.

Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Бақыт Басығараев жасынан күйге құмар, әнге әуес болып өседі. Қазанғаптың күйлерін алғаш мектепте оқып жүргенде Дәулеткелді, Әбдіғали, Жұмалы тәрізді домбырашылардан арнайы сабақ алмағанымен, сыртынан тыңдап жүріп үйренген екен. Кейін өзіне нағашы болып келетін Қазанғап шәкірттерінің бірі Қадірәлі Ержановтан тәлім алады. Қадірәлі нағашысы жасы ұлғайғанда жиені Бақытқа батасын береді. Сөйтіп, Қазанғаптың Жұмалы Ембергенов, Қадірәлі Ержанов сияқты тікелей шәкірттерінен күй үйренген Б.Басығараевтың консерваторияда оқымай-ақ,

мәнері бөлек күйші болып шыққаны табиғи заңдылық болатын.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

БАҚЫТ БАСЫҒАРАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Басығараев Бақыт Шаңбатырұлы 1926 жылы 14-қаңтарда Қызылорда облысындағы Құланды ауылында балықшының отбасында дүниеге келеді. Қарақалпақстандағы Мойнақ ауданы Үшсай ауылындағы Жамбыл Жабаев атындағы жеті жылдық қазақ мектебін бітіреді. Мектепте оқып жүргенде Дәулеткелді, Әбдіғали, Жұмалы атты домбырашылардан Қазанғап күйлерін үйренеді. 1945 жылдан бастап Үшсай ауыл кеңесінің хатшысы болып жұмыс істейді.

1954 жылы Аралдағы қазақ орта мектібін бітірген соң, Құландыға қайтып келіп мектепте бастауыш сыныптардың мұғалімі болады. Мектеп жанынан домбыра үйірмесін ұйымдастырып, жас балғындарды өнерге баулиды. Осы жылдары Қазанғап шәкірттерінің бірі Қадірәлі Ержановтан күйлер үйреніп, күйшінің ойнау тәсілін толығынан

меңгереді. Түркіменстанның Мары қаласында жауынгершілік міндетін атқарып жүрген тұста, Маңғыстаулық күйші Мұрат Өскембаевпен кездеседі. Екі күйші жергілікті қазақтар арасында концерт кездесулер ұйымдастырып, тыңдаушылардың риясыз ризашылықтарына бөленген. Әскер қатарынан оралып, Аманөткел мектебінде мұғалімдік қызметін атқарып жүрген кезінде күйші Шыналы Шопановпен жүздесіп, күй тартысқан екен.

1963 жылдан бастап 1990 жылға дейін Шалқар ауданының ГКС – 11 газ құбырында машинист маманы қызметін атқарады. 1984 жылы Бақыт Басығараевтың орындауындағы күйлер А. Райымбергеновтың «Ақжелең» атты кітабына нота үлгісімен түсірілді. 1987 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияның сол кездегі басшылығы шақырып, кездесу және концерт ұйымдастырылды.

1988 жылы Құрманғазы атындағы

консерваторияның домбыра кафедрасы шақыруымен тағыда Алматыға келіп студенттерге Қазанғап күйлерін үйретіп, дәріс береді. Сол кезде А. Жұбанов атындағы арнаулы музыка мектебі, Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі, Қазақ политехникалық институтында т.б. ұжымдарда кездесулер өткізіп, халық қошеметіне бөленді. 1989 жылы «Ақжелең» атты алғашқы күйтабағы шықты. 1991 жылы Тәттімбеттің 175 жылдығына шақырылып күйлер тарты. Сол жылдың 20 - ақпанында Халықаралық дәстүрлі музыка фестиваліне қатысты.

1995 жылы қазақ радиосының алтын қорына «Толқында туған тарланбоз» атты радиохабар жазылды. 1998 жылы Бақыт Басығараев «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағын алды. 2000 жылы Қазақстан телеканалының «Дала сазы» атты бағдарламасына күйлері жазылды. Сол жылы Түркістан қаласының 1500 жылдығына орай ұйымдастырылған фестивальде

күйшіге бас жүлде берілді. 2000 жылы күйші Қамбар Медетовтың 100 жылдығына арналған конференцияға шақырылды. Сол жылы сәуір айында Париж қаласына өнер көрсетуге шақырылды. Өмірінің соңына дейін сахнадан түспеген Шалқардың шаң жұқтырмас шаңқанбозы Бақыт Басығараев 2000 жылы 22 сәуір күні дүниеден озды.

БАҚЫТ БАСЫҒАРАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

2003

1. **Басығараев Е.** Қазанғаптың ізімен: күйші Бақыт Басығараев / Ерсайын. Басығараев, Еділ Басығараев. - Алматы: Әуен, 2003. - 160 бет.

2022

2. **Басықара Е.** Аққудай Әлима едім қонған көлге...: күйші Бақыт Басығараевтың репертуарындағы әндер мен жыр-термелер / Е. Басықара. - Алматы: "Лантар BOOKS", 2022. - 111 бет.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....5

*Бақыт Басығараевтың өмірі мен
шығармашылығы.....7*

*Бақыт Басығараевтың еңбектерінің хронологиялық
көрсеткіші.....11*